



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Айтекова Анар Рапильбековна,
жаратылыстану ғылымдарының магистрі
география пәні мұғалімі

Оразалиева Гульвира Сапаковна,
география пәні мұғалімі

Жолдасова Майра Койчибековна
география пәні мұғалімі

Юрий Гагарин мектеп –лицейі
Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Аса ауылы

Аннотация

Мақалада география сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту баяндалған. География сабақтарында функционалдық сауаттылықтың бір саласы қалыптасады. Қазіргі кезде білім берудегі негізгі мақсат - жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, іскер, өзіндік ой талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, функционалдық дағды, PISA, география, географиялық объектілер.

Аннотация

В статье описано развитие функциональной грамотности школьников по географии. Одно направление функциональной грамотности формируется на уроках географии. Сегодня основной целью образования является формирование образованной, живой, деловой, самостоятельной, высокоморальной, способной личности.

Ключевые слова: функциональная грамотность, функциональные навыки, PISA, география, географические объекты.

Abstract

The article describes the development of functional literacy of schoolchildren in geography. One area of functional literacy is formed in geography lessons. Today, the main goal of education is the formation of an educated, lively, businesslike, independent, highly moral, capable personality.

Key words: functional literacy, functional skills, PISA, geography, geographic features.

Білім – теңіз, мектеп – кеме. Сол мектептің жүрегі-мұғалім. Әрбіріміз үшін білім нәрімен сусындап, оның құпиясын аша білу – күрделі де қиын іс. Осы білім теңізінде еркін жүздіру – бала жанының бағбаны мұғалімнің іс-әрекеті. Мұғалімнің бір-біріне және ешкімге ұқсамайтын сабақтары келер ұрпақты заман талабына сай оқытып, тәрбие бермек. Бүгінгі таңда жер жүзінде білім саласындағы саясаткерлер мен мұғалімдер үшін ең маңызды болып отырғаны-»XXI ғасырда нені оқыту керек және XXI ғасырға оқушыларды қалай дайындайды?» деген мәселе.

Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі - оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал XXI ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында. Сондықтан да қазір жаңа технологияларды меңгеру үшін ең басты қажетті құрал – білім. Осы тұста мақаланың тақырыбын «География сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» деп алдық. Функционалдық сауаттылықты PISA адамның қазіргі қоғамдағы толыққанды жұмыс істеуі үшін қажетті білім мен дағды ретінде түсінеді. География сабақтарында функционалдық сауаттылықтың бір саласы қалыптасады, яғни жаратылыстану бағыты бойынша функционалдық сауаттылықты қалыптастырады [1].

Қазіргі кезде білім берудегі негізгі мақсат - жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, іскер, өзіндік ой талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Оқушылардың білім сапасын көтеру барысында әрбір сабақта қолданатын оқытудың жаңа формалары мен техникалары-оқушылардың пәнге қызығушылығы мен ізденімпаздығын байқау қабілеттерін жетілдіруге, білім сапасын көтеруге мүмкіндік береді. Оқушылардың негізгі қызметі: сұрақтарды қолдану арқылы алынған ақпаратты тәуелсіз оқу және талқылау (әңгіме, пікірталас, дау); практикалық тапсырмалар; интернеттегі материалдарды іздеу және талқылау;ситуациялық және практикалық бағытталған міндеттерді шешу;тәжірибелер мен эксперименттер жүргізу [2, 3-4б]. Сабақта оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту мақсатында іскерлік және дидактикалық ойындарды қолдануға, шағын жобаларды әзірлеуге және жүзеге асыруға, турнирлер мен жарыстар ұйымдастыруға болады. Сабақта мәтінмен жұмыс ерекше орын алады. Сонымен қатар сабақтарда практикалық тапсырмаларды жиі қолдану өзінің оң нәтижесін береді.

Мысалы: оқылған мәтін бойынша схема құру: «Жер бедері», «Агроөнеркәсіптік кешеннің құрамы», «Отын-энергетикалық кешен» және т.б.

Оқушылардың географиядан функционалдық дағдыларын қалыптастыруда, яғни бірқатар географиялық ұғымдардың анықтамасын оңай түсіну үшін, өздігінше интерпретация (жұмыс жүргізу және ой қорыту) жасай алу үшін, қажетті сандық мәліметті өздігінше тауып, есте сақтау үшін графиктер мен диаграммалар құру, оларды оқи білу үлкен көмек береді:

Абзацтардың жоспарлары мен тезистерін құру.

- Мәтінге нобай суретті құру.
- Статистикалық мәліметтермен, графиктермен, диаграммалармен, карталармен жұмыс.
- Ұсынылған мәтіндегі географиялық қателерді табу.
- Жетіспейтін сөздермен мәтін құрастыру.
- Сөзжұмбақ құрастыру. Оқушылар «материктер», «гидросфера», «ауа райы» тақырыптары бойынша өз еріктерімен сөзжұмбақтар жазады.
- Жердің табиғи ерекшеліктері туралы мәтінді талдау.
- Әр түрлі мазмұндағы карталарды оқу және талдау.

Оқушылар үлкен қызығушылықпен шығармалардан көркем мәтіндерді талдау қажет болатын тапсырмаларды орындайды. Нәтижесінде оқушыларға табиғи зонаны, географиялық объектіні анықтап, ауа-райын сипаттап, сол немесе басқа табиғи құбылыстың мәнін немесе себебін түсіндіруі керек. Осындай тапсырмалар оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамытады [3, 174б].

Оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен пәнге деген қызығушылығын арттыру арқылы сыныпты сыни тұрғыдан ойлауға үйрету-басты міндеттеріміздің бірі болды. Ең бастысы сабақ мақсатын дұрыс қоя білген мұғалім ғана, күтілетін нәтижеге жете алады. Сол себепті деңгейлік тапсырмаларды жас ерекшеліктеріне сәйкес енгізу қажет. Кез-келген сынып топтық, жұптық жұмыс жасауға әбден машық.

Оқушылардың өз бетімен жүргізілетін жұмыстарының бірнеше түрлерін сабақ барысында әр кезеңінде ұйымдастыру қажет. Олар мыналар:

1. *Оқулықпен жұмыс істеу* - әсіресе жоғарғы сынып оқушыларымен жүргізілетін негізгі жұмыс түрі. Оқушылар статистикалық материалдарды, кесте, сызба-нұсқаларды талдау арқылы оқулықтағы білімдерін кеңейтіп, негізгі білімдерін жүйелейді (көбіне бұл жұмысты жаңа сабақты түсіндіру кезеңінде пайдаланған тиімді.)

2. *Атласпен, картамен жұмыс істеу*: география пәнінде атласпен, картамен жұмыс барлық сыныптарда жүйелі жүргізілуі тиіс. Географиялық нысандарды ажырату, олардың ерекшеліктерін, жату бағыттарын, орналасуын тек карта арқылы түсіндіруге болады. Сондай-ақ өнеркәсіп орталықтарын, олардың мамандану салаларын карта арқылы білуге болады.

3. *Кескін картамен жұмыс*: бұл жұмысты 6-шы сыныптан бастап үйрете беру керек. Себебі 7 сыныптағы материктер картасын кескін картаға салу кезінде оқушылар қатты қиналады. Ал бастапқы курсты оқу барысында оқушыларға түрлі-түсті бояу арқылы жер бедерінің азғантай бөліктерін салғыза отырып, олардың биіктіктерді ажырату, ойпаттардың, қырат-үстірттердің, таулардың бояуларын қалыптастыру дағдыларын дамытуға болады. Сондай-ақ өзен - көлдерді картаға түсіру дағдылары да қалыптасады. Мысалы, төменде берілген кескін картаға Жер шарындағы материктердің шекараларын түсіріңіздер деген сияқты тапсырма беріп, оқушылардың жаһандық танымын қалыптастырса болады (сурет 1).

Сурет 1. Кескін карта



4. *Географиялық есептер шығару, жаттығулар орындау*: географияның бастапқы курсына географиялық есептер шығару арқылы оқушылардың қисынды ойлау дағдыларын дамытып, пән-аралық байланысты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысалы қысым мен температура арасындағы байланысқа арналған есептер, географиялық градус торы арқылы жер бетіндегі қашықтықты анықтауға арналған есептер құрастыруға болады.

5. *Кестелерді толтыру*. Кесте толтыру арқылы оқушылардың салыстыру, нақтылау, ойлау қабілеттері дамиды. Мысалы, төменде берілген кестеде оқушылар топырақ түзуші факторларды

салыстыра отырып белгілейді. Бұл оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда септігін тигізеді.

Кесте 1. Топырақ түзуші факторлар

	Ия	Жоқ
Адамның іс-әрекеті		
Климат және ішкі сулар		
Өсімдіктер		
Жануарлар дүниесі		
Бунақ денелілер		
Микробтар		
Саңырауқұлақтар		

6. *График, профиль, диаграммалар сызу:* 6-шы сыныптан бастап температура графигін салу, бағандық диаграмма арқылы жылдық жауын-шашынның айлар бойынша таралуын сыздырту – оқушыларды төзімділікке, ыждаһаттылыққа тәрбиелейді. Сондай-ақ 9-шы сыныпта статистикалық материалдарды пайдалана отырып, шеңберлік, сызықтық, нүктелік диаграмма сызу арқылы білім, білік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді [5]. Мысалы, 2 кестедегі мәліметтерді пайдалана отырып, диаграмма сызу қажет болады.

Кесте 2. Таулардың биіктіктері

Таудың атауы	Биіктігі
Қызылтас	1283 м
Қызыларай	1565 м
Кент	1415 м
Қарқаралы	1403 м
Баянауыл	1026 м

Кестедегі мәліметтерді пайдалана отырып, дәптерлеріне диаграмма түсірту арқылы, оқушыларды төзімділікке тәрбиелеуге болады.

7. *Қосымша әдебиетпен жұмыс.* Қосымша Пайдаланған әдебиеттердің ішінде саяхатшылардың өмір – тарихы, зерттеулері, қызықты әңгімелер оқу арқылы оқушылардың жан-жақты дамуына, дүниетанымының артуына мүмкіндік туындайды. Қоршаған әлемде, табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсініп, салыстырып, жүйелейді.

География – жаратылыстану ғылымдарының негізгі саласы ретінде, жаратылыстану ғылымдарының рөлі туралы қорытынды жасауды талап ететін тиімді жұмыс жасауға, ғылымдағы түсініктемелерді өмірлік жағдаяттарға тікелей қолдануға дайын оқушыларды дайындауға негіз бола алатын пән. Бұл ретте педагогтар функционалдық сауаттылықты дамытудың нәтижелі болуы үшін оқушыларға алған білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу процесінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретіндей құзыреттіліктерді бойларына сіңірте алуы қажет. Ол үшін педагог оқытудың инновациялық әдістерін, қазіргі заманғы білім беру және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануы қажет. Біз саралап көрсеткен оқулықпен жұмыс, атласпен, кескін картамен жұмыс, географиялық есептер шығару, кестелер толтыру, диаграмма құру, қосымша әдебиетпен жұмыс әрбір география сабағында оқытудың жаңа инновациялық технологиялары арқылы ұтымды ұйымдастырылса, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту процесі үнемі ұтымды жүрмек.

Қорыта айтқанда, функционалды сауатты оқушыны тәрбиелеу педагог үшін де, қоғам үшін де маңызды болып табылады. Өйткені функционалды сауатты тұлға болашақта өзіне міндеттелген білік, білім, дағдыны игеріп, сыни тұрғыдан ойлау негіздерін қалыптастырып, оны ары қарай дамыта алады. Алған білімдерін өмірлік азық ретінде пайдалана алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту» 2012-2016 жылдарға арналған әдістемелік жоспары «Егемен Қазақстан» газеті
2. Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Астана. 2004. 3-4б.
3. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174 б.
4. Жаратылыстану. 6-сынып оқулығы
5. География. 9 сынып оқулығы